

ГТАХР 14.25.09

Д.С. Рыспаева¹, Г.С. Ахметова², Г.Ж. Искакова¹

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,010000, Қазақстан Республикасы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЕРТЕГІЛЕРДІ ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

Мақалада жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында ағылшын тілінің лексикасын оқытудың әдіснамасы негізделіп, лексикамен жұмыс істеудің ерекшеліктері зерттелді. Ғалым-әдіскерлер мен практиктердің қолданатын заманауи тиімді әдіс-тәсілдерін саралап, сұрыптадық. Бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілі сабақтарында лексиканы оқытудың тиімді әдісі ретінде ертегі мәтіндері ұсынылды. Балалар фольклоры, оның ішінде ертегілер танымдық ақпаратпен қоса, эстетикалық ақпаратты да жеткізеді. Аталған зерттеу жұмысының мақсаты – бастауыш мектепте ағылшын тілі сабақтарында ертегі мәтіндері арқылы лексиканы игертуге бағытталған тиімді тапсырмалар кешенін ұсыну. Діттеген мақсатымызға жету үшін ағылшын тілі сабақтарында лексиканы оқытудың әдіснамалық негіздерін қарастырып, лексиканы оқыту ерекшеліктеріне талдау жүргізілді. Лексиканы оқытуда қандай жұмыс түрлері жүргізілетінін көрсету үшін тапсырмалардың түрлері ұсынылды. Аталмыш зерттеу жұмысының нысаны ретінде ағылшын тілі сабағында лексиканы оқытуда ертегілердің әсері және оқушылардың лексикалық құзыреттілігінің даму динамикасы болып табылады. Зерттеудің пәні ретінде бастауыш сынып оқушылары арасында лексиканы оқытуда ертегілерді қолданудың ерекшеліктері қарастырылып отыр.

Зерттеу жұмысының нәтижелері іс-тәжірибе жүзінде лингводидактика мен шет тілін оқыту әдістемесі саласында ертегі арқылы шеттілдік лексиканы немесе басқа да тілдік дағдыларды үйретуде септігін тигізуі мүмкін.

Кілт сөздер: ағылшын тілі, лексика, ертегі, жаңа сөздер, қызығушылық, тілдік құзыреттілік.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес, шет тілін үйрену барысында оқушылар шет тілінің барлық аспектілерін (фонетика, лексика, грамматика, синтаксис) игеріп қана қоймай, сонымен бірге оқытылатын тіл елінің мәдениеті мен дәстүрлері туралы білім алуы қажет.

Қазіргі әлемдегі әлеуметтік бәсекелестіктің өсуі білім беру бағдарламаларында да көрініс тауып, ағылшын тілін негізгі шет тілі немесе екінші шет тілі ретінде жаппай оқыту, жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламасындағы ағылшын тіліндегі пәндер санының артуына әкелді. Сол себепті ағылшын тілін оқытуда лексиканы үйрету мәселесінің ғылыми негізін тұжырымдап, тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындайды. Тілдік бірліктердің мәнмәтіндегі мағынасының өзгеруін, яғни тілдің динамикадағы қызметін, функционалдық қызметін таныту бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек.

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген ынтасын арттыратын жаңа әдістерді іздеу кезінде оқу-танымдық ертегіге ерекше назар аударған жөн. Мектеп жасындағы балаларға тілді оқытуда ертегі сюжеттерін қолданудың маңызы зор. Ертегінің артықшылығы ретінде эмоционалды әсерін атап кетуге болады, өйткені ертегі сабақта қолайлы жағдай жасауға көмектесіп, лексиканы үйрену үдерісін жеңілдетеді.

Ертегілер кейіпкерлерін оқушылар мультфильмдер мен кітаптарда кезіктіре алады. Қызықты сюжет, кейіпкерлердің эмпатиясы, жарқын бейнелер материалды тезірек және жақсы игеруге көмектеседі. Сабақтарда оқу-танымдық ертегіні қолдану оқу процесіне тіпті сабаққа үлгермейтін оқушылардың қате жасаудан қорықпай, сабаққа қатысуға уәжін арттыруға септігін тигізеді.

Ертегі балаға тілдік кедергіні тезірек жеңуге, сондай-ақ, оған шет тіліне деген сүйіспеншілікті оятуға, бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытудың тиімділігін барынша арттыруға көмектеседі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Зерттеу жұмысында эмпирикалық әдістер, яғни бақылау, педагогикалық тәжірибені жалпылау, эксперимент әдістері қолданылды. *Бастауыш сатысындағы білім беру оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қабылдау және түсіну деңгейіне сай қарапайым коммуникативті құзыреттілік сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым деңгейінде қалыптасу қажет.*

Лексиканы оқыту мәселесі көп тілші ғалымдар мен әдіскерлердің назарында болды. Нақтыласақ, Гальскова Н.Д., Гез Н.И., Колкер Я.М., Крушевский Н.В., Леонтьев А.А., Ляховицкий М.В., Миролубов А.А., Рахманов И.В., Фоломкина С.К., Якушина Л.З., Опарина Е.А. және т.б. Аталған ғалымдардың еңбектерінде лексиканы оқытудың теориялық негізі қаланып, тиімді әдіс-тәсілдер ұсынылып, тіл үйренушілерге арналған кешенді тапсырмалар мен мәтіндер қарастырылды. Бірқатар әдіскер ғалымдардың еңбектерінде сүйене отырып, бастауыш сыныпта ағылшын тілінің лексикасын меңгертуде басшылыққа алатын тұстарына тоқтала кеткеніміз жөн.

Тілдің лексикалық байлығы, мәнмәтіндегі семантиканың өзгеруі, жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналары, сөздік құрамға енетін тұрақты сөз тіркестері, кірме сөздер, әртүрлі экспрессивті-эмоционалды сөздер, ерекше стилдік реңк тудыратын сөздер – осының бәрі тілдік оқу материалының маңызды көлемін құрайды. Лексиканы оқытуда тіл үйренушінің сөздік қорына белгілі бір сөзді енгізген кезде оны мағыналық өрісімен тұтастыққа енгізген жөн.

Е.А.Опарина семантизация әдісін қолдануда келесі кезеңдерді айқындап өтеді: сөзді мәнмәтін аясында қарастыру, әр түрлі жағдаятта басқа тілдік бірліктермен байланысын көрсету, іргелес семантикалық өрістерді біріктіру, проблемалық сөйлеу жағдаятын құру және үйретілген лексиканы тұрақты белсенді қолдануын қамтамасыз ету [1, 20].

Белгілі бір лексеманы есте сақтау үшін оқушыға әріптерден сөздер құрастыру, сөздер тізбегіндегі артық сөзді алып тастау, бір түбірлі сөздерді көрсету, синонимдерін, антонимдерін атау, мәнмәтінде мағынасының өзгеруін анықтау, берілген сөздерді белгілі бір принципке немесе белгісіне қарай топтастыру сияқты лексикалық тапсырмалар жиынтығы беріледі.

Оқушының сөздік қорына сөз тіркесін енгізетін болсақ, тапсырмалар түрі төмендегідей мазмұнды құрау қажет: берілген зат есіммен тіркесе алатын сын есім, үстеу, етістік тобын анықтау, берілген сөзбен сөйлем құрастыру және т.б.

Репликалар мен сөйлемдерді үйрететін болсақ, онда тапсырмалар төмендегідей сипатта болуы керек: сұрақтарға жауап беріңіз; асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз; сөйлемді аяқтаңыз; берілген пікірге өз көзқарасыңызды айтыңыз; берілген суретті сипаттап беріңіз; берілген сөздерді мағыналық топтарға қарай ажыратыңыз және т.б. [1, 21].

Лексиканы оқытуда қолданылатын әдістер келесідей принциптерге негізделеді: коммуникативтік бағыт, яғни мәдениетаралық қарым-қатынасқа тең дәрежеде және дербестігін сақтай отырып қатысу; басқа мәдениеттер мен социумдардың өкілдерімен қарым-қатынас орнатуға дайындығы мен қабілетін дамытуға деген көзқарасы; шет тіліндегі лексиканы толық және дұрыс меңгеру үшін қолжетімді ортаны құру; нақты қарым-қатынас

құру үшін қарастырылған оқу жағдайлары. Және ерекше атап өтетін принцип – тіл үйренушінің туған лингвомәдени ортасына және лингвомәдениетіне бағыттау арқылы оқыту принципі.

Бұл жөнінде ғалым Н. Д. Гальскова «Шет тілдерін оқыту теориясы. Лингводидактика және әдістеме» атты еңбегінде былай дейді: «...оқушының ана тіліндегі тілдік дағдыларына сүйену және оларды шет тіліндегі дағдыларын қалыптастыруда қолдану идеясы маңызды болып табылады» [2, 155].

Г.В. Рогова лексиканы меңгерудің келесі сатыларын көрсетеді. Сөздерді сөйлеу әрекетінің репродуктивті түрлерінде қолдану үшін:

- сөзді алдымен жадта сақтау;
- сөзді дұрыс айта білу үшін оның фонетикалық формасын білу;
- семантикалық үйлесімділік негізінде және грамматикалық нормаға сәйкес комбинацияға қосу;
- сөйлемдегі, мәтіндегі қызметін нақтылау.

Рецептивті сөйлеу әрекетінің түрлерін дамытуда төмендегіні ескеруіміз қажет:

- сөздің графикалық немесе сәйкесінше дыбыстық бейнесін лексикалық мағынамен байланыстыру;
- сөздің грамматикалық формасын, басқа сөздермен байланысын анықтау [3].

Барлық жағдайларда оқушыларға белгілі бір сөздің қолданылу аясын, яғни қай жағдайда қолдануға болатынын үйрету керек.

А.Э.Максаева өзінің "Шет тілін оқыту тәжірибесіндегі әлеуметтік-мәдени тәжірибе" монографиясында шет тілдерін оқытудың келесі әдістерін қарастырады: білімді саналы меңгерту, тікелей қарым-қатынас арқылы оқыту, кешенді және интенсивті оқыту [4, 242].

Жоғарыда аталған ғалымдардың тілді үйретудегі әдіс-тәсілдерінің мазмұнымен таныса отырып, оларды синтездей келе, зерттеу жұмысымызда тілді үйретудің оңтайлы әдісін ұсынуды көздейміз.

Ертегі – мәдени элемент, онда әлеуметтік, тәрбиелік, психологиялық мән бар. Балалар фольклорын, оның ішінде ертегіні оқытқанда, тіл үйренуші сөйлеу тілінің жалпы әдеби нормалары мен күнделікті сөйлеу стилінің нормаларын игеріп қана қоймайды, сонымен қатар эстетикалық тұрғыдан әр түрлі қарым-қатынас саласындағы лексиканы да игереді. Өйткені, фольклор тілінде сөйлеу әдеби тілде сөйлеумен сәйкес келеді.

Ертегі арқылы сөйлеу құзіреттілігінің дағдыларын дамытуға болады: қарапайым диалогтарға қатысу, әдеттегі қарым-қатынас жағдайлары шеңберіндегі этикет диалогы; тақырыптың, суреттің, кейіпкердің шағын сипаттамасын құрастыру; өзіңіз, отбасыңыз, досыңыз туралы айту және т.б.

Зерттеу жұмысы аясында ұйымдастырылған экспериментке 3 «А» сынып оқушыларының 30 оқушысы қатысты. Эксперименттік бақылау мен эксперимент сыныбы болып, 15 оқушыдан екі топқа бөлінді. Бірінші топ эксперименталды топ, ал екінші топ бақылау тобы болып анықталды. Эксперименттің мақсаты – ертегілердің лексиканы оқытуда оқушылардың оқу нәтижесіне әсерін анықтау. Экспериментте лексика ертегі мәтіні негізінде таныстырылып, лексикалық және коммуникативті дағдыларды дамытуға арналған жаттығулар арқылы бекітілді. Эксперимент екі аптаға созылды. Оқытылатын тілдік материалдың мазмұны толығымен мемлекеттік стандартқа сай жүргізілді, тек екі топтағы лексиканы оқыту тәсілі ғана ерекшеленді. Эксперименталды топтағы оқушылар шет тілдік лексиканы ертегілер негізінде оқып, коммуникативті дағдыларды және сөздерді қолдануға арналған тапсырмалар кешенін орындау арқылы оқыса, екінші топтағы оқушылар лексиканы оқытуда тізім ретінде берілетін аударма тәсілін қолдана отырып оқыды. “Goldilocks and other three bears” атты ертегісін оқытуда жиырмаға жуық жаңа лексика таныстырылды. Эксперименталды топтағы оқушылар жаңа сөздерді ертегінің контексті негізінде сөз тіркестері арқылы танып, жаттады. Мәселен, *Golden hair, dangerous forest, once upon a time, middle, full of wild creatures, sneak out of the house, path led to the forest, frightened, realized, especially, hopelessly lost, to cry* сияқты сөздер үйретілді.

"A Sly Cat" ертегісін қолдана отырып, "Жануарлар" тақырыбы аясында ағылшын тіліндегі лексикасын кеңейтіп, тілдік дағдыларын дамытуға арналған бірқатар жаттығуларды ұсынамыз.

1. Алдымен мәтінде қолданылатын негізгі лексикамен таныстыру керек.

a mischievous cat – тентек мысық

to steal – ұрлау

to get bored – іші пысу

animals – аңдар

to afraid – қорқу

fur rabbit – үлпілдек қоян

a Fox – түлкі

grey wolf – сұр қасқыр

eat it – жеп қою

tired / exhausted – шаршау/ күші таусылу

a bear – аю

a bull – бұқа

climb a tree – ағашқа өрмелеп шығу

a tail – құйрық

a forest – орман

scratch – тырнау

2. *Ертегіні оқу. Бұл кезеңде тыңдау дағдыларын дамыту үшін ертегіні тыңдатуға да болады.*

3. *Негізгі мазмұнын түсінгенін анықтау мақсатында жүргізілетін тапсырмалар беріледі.*
Үлгі:

а) *Сұрақтарға жауап беріңіз.*

1. Why did the cat leave alone in the forest?
2. What did the hair think about the cat when he saw him for the first time?
3. Why did the wolf get scared?
5. How did the fox lose its tail?
6. Who did the climb the tree?

ә) *Берілген ақпаратты «рас» немесе «жалған» екенін көрсетіңіз.*

1. The cat asked for the food from the neighbors.
2. The old man brought the cat to the forest.
3. The hair ran away from the cat.
4. The bear made friends with the cat.
5. The bear broke his leg while escaping the cat.
6. The wolf invited the cat to visit his house.

4. *Мұғалім сөйлесім үдерісін жүзеге асыру үшін тіл үйренушіге коммуникативтік жағдаяттар ұсынады.*

1. Сізде мысық бар ма? Оның қылықтары ертегідегі мысыққа ұқсай ма?
2. Ертегідегі түлкі сенің осыған дейін оқыған ертегілеріңдегі түлкіден ерекшелене ме? Түлкіге тән қасиеттерді айтып, оның сыртқы көрінісін сипаттап бер.
3. Мысықты ұрлық жасауға не итермеледі? ұрлық жасауға қатысты өз пікіріңізді айтыңыз.

Ұсынылған материалды бекіту үшін оқушыларды қызықтырған диалогтарды немесе ертегідегі кейбір үзінділерді рөлдерге бөліп ойнауға болады. Ертегіні сахналау арқылы оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеуге бейімделуі көзделеді.

Диалогтарға еркін түсу үшін әр оқушыға өз үй жануарыңызды таныстырыңыз деген тапсырма беруге болады. Мысалы:

– *Good morning.*

– *Hello.*

– *What is your cat's name?*

– *My cat's name is Murka...*

Сабақтағы мұндай бірлескен шығармашылық жұмыстар балаларды шет тілінде еркін сөйлеуге ынталандырады. Көптеген ертегілердің сюжеттері мен кейіпкерлері оқушыларға таныс. Оларды монологтық ақпарат беруге пайдалануға болады.

Сабақ барысында оқушылармен бірге ертегі құрастыру шығармашылық жұмысқа итермелейді. Ертегіні бірлесіп құрастыру үшін мұғалім ертегіні немесе ертегі кейіпкері туралы айта бастайды. Оқиға сюжетінің арасында What? Where? Why? When? How? деген сұрақтарды қойса, оқушылар әрі қарай жалғастырып әкетеді. Мысалы:

Once upon a time there lived a sly fox in the forest. One day she decided to cheat someone again and play its tricks on somebody. What kind of trick it wanted to play? What do you think? Can you guess who she wanted to cheat?

– *It wanted to cheat a raven and steal its cheese.*

– *No, I do not think so.*

– *It wanted to cheat the cock and eat him up.*

– *Yes, it did. The fox chased the cock. Why?*

– *The fox was very hungry.*

– *No, it was not hungry.*

– *The fox likes cheating, and it wanted to cheat the cock as well.*

– *Yes, that is true! What do you think happened next?*

Осылайша, оқушылар ертегінің жалғасын сюжетіне қарай өздері құрастырып әкетеді. Шындығында, ертегінің шынайы және толық нұсқасы жоқ. Оны балалар сабақта


құрастырады. Бұндай тапсырмалар өте қарапайым болғанымен, оқушылардың тілге деген қызығушылығын тудырып, еркін сөйлеуге дағдыландырады. Лексикалық бірліктерді меңгертуде грамматикалық құрылымдарды қатар үйретуге болады (мысалы, сұраулы сөйлемдер, өткен шақ формасындағы сөйлемдер: *Did the fox eat the rooster?*)

Баланың қиялына ерік беріп, ертегілерді құрастыруды үй тапсырмасы ретінде де беруге болады. Ол үшін оқушыларға қызықты суретті таңдап, бірнеше дайын өрнектерді немесе сөз тіркестерін ұсынуға болады. Мысалы, *golden bird, three sons, brides, golden nest, kingdom, live happily*.

Эксперименталды оқытудың соңында екі топтың оқушыларынан білім срезі алынып, лексикалық бірліктерді қаншалықты естеріне сақтап, қолдана алатындығы тестілеу арқылы тексерілді. Екі топтың оқушылары, яғни бақылау топтағы және эксперименталды топтың оқушылары бір “*Animals*” тақырыбы бойынша тест алынды. 1-ші суретте көрсетілгендей, эксперименталды топта ертегілер негізінде оқытылған лексикалық бірліктер оқушылардың естерінде әлдеқайда жақсы сақталған.

1-ші суретте берілген деректерге назар аударсақ, эксперименталды топтың оқушылары тақырыпты жетік меңгергенін көрсетіп, 60-тан жоғары ұпай жинады.

Сурет 1. “*Animals*” тақырыбы бойынша бақылау жұмысының нәтижелері.



Эксперимент білім сапасы көрсеткіштерін анықтаумен қатар, тәжірибе барысында қандай тапсырмалардың тиімді екенін танытты. Шет тіліндегі ертегімен танысу барысында оқушылардың басқа елдерге, олардың мәдениетіне деген қызығушылығы артатынын байқадық. Ертегінің көмегімен лингвоелтанушылық аспект арқылы бала оқып жүрген шет тілі елінің болмысын, мәдениетін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын үйренеді.

Мәтіннен кейінгі кезеңнің мақсаты – оқуды нәтижелі қарым-қатынас дағдыларымен біріктіру, атап айтқанда: сөйлесім мен жазылым, яғни оқушылар оқу барысында алған білімдерін әртүрлі сөйлеу жағдаяттарында қолданады [5, 66].

Ертегімен жұмыстың мәтіннен кейінгі кезеңінде келесі жаттығулар тиімді:

1. Сұрақ-жауап жаттығулары.
2. Қосымша жаттығулар (аяқталмаған сөйлемдер).
3. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарын табу.
4. Бос орындарды толтыру (жетіспейтін тілдік элементтерді толықтыру).
5. Ұсынылған нұсқалардан дұрыс жауабын таңдау [6, 99].

Мұғалім саралау арқылы тапсырманың күрделі түрлерін қолданады:

1. Ертегі жоспарын құру.

2. Ертегінің сюжеттік оқиғаларының ретін құрастырыңыз.
3. Ертегіні рөлдерге кіріп, сахналаңыз.
4. Тақырып бойынша шығарма жазыңыз.
5. Белгілі бір лексеманың синонимдік қатарын немесе антонимін көрсетіңіз.
6. Аталған сөздер қай ертегі кейіпкеріне жататынын анықтаңыз.
7. Суретте бейнеленген кейіпкерлерді сипаттаңыз [7, 80].

Е.Н.Соловова лексиканы семантизациялаудың ең көп таралған алты әдісін анықтайды:

- 1) көрнекілікті қолдану;
- 2) синонимдер/антонимдер көмегімен семантизация;
- 3) сөзжасамның белгілі әдістерін қолдана отырып семантизация;
- 4) мұғалімнің ана тіліне аудармасы;
- 5) оқушылардың түрлі сөздіктерінен сөз іздеуі;
- 6) мәнмәтіндік мәнді болжау [8].

Оқушылар жаңа сөздерді жақсы есте сақтау үшін семантикалық үйлесімділікке негізделген жаттығуларды қолдануға болады.

Г.В. Рогова барлық лексикалық жаттығуларды екі санатқа бөледі: 1) сөзді, оның семантикасын айтылымдық және грамматикалық формалармен бірлікте есте сақтау; 2) семантикалық сипаттағы сөздердің тіркесімін қалыптастыру [3].

Сөйлеуді дамыту үшін комбинацияларды құру маңызды аралық қадам болып табылады, өйткені Н.И. Жинкин "тілде сөз жалғыз қызмет етуі мүмкін емес" деп санайды [9]. Комбинациялар, сөз тіркестері семантикалық үйлесімділік заңдарына сәйкес грамматикалық нормалармен тығыз өзара әрекеттеседі. Сөз тіркестерін құруда жаттығулардың нақты түрлерін береміз.

Шет тілдерін оқыту саласындағы коммуникативті құзыреттіліктің қазіргі заманғы түсіндірмелері американдық ғалым Д. Хаймстың анықтамасына негізделеді. Ғалымның пікірінше, "коммуникативті құзіреттілік деп мәдени маңызды жағдайларда сөйлеушінің қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін білуі керек қажетті ақпараты"[10, 67]. Оқытылатын тіл еліне бармай, сол елде өмір сүрмей ағылшын тілінде коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру өте қиын. Сондықтан шет тілі мұғалімінің алдында тұрған қиын міндет – әр түрлі оқыту әдістері мен тәсілдерін (ойын, ән, өлеңдерді үйрену және т.б.) қолдана отырып, шындыққа жақын қиялды жағдайлар жасау.

Тілді меңгеру процесінде ертегілерді қолдана отырып, шет тілдік шындықты түсіну арқылы біз коммуникативті техниканың негізгі талабына қол жеткізе аламыз. Ағылшын тілі сабақтарында ертегілерді қолданып оқытуды дараландыруға көмектеседі, әрі оқушылардың сөйлеу әрекетін ынталандыруға ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ағылшын тіліндегі ертегілер сюжетінің тартымдылығымен оқырмандардың назарын аударады, әрі ерекше құрылымының арқасында сөйлеу әрекетінің әртүрлі аспектілерін үйретіп, тілдік кедергілерді жеңе алады. Қазіргі педагогикалық ортада ертегілер мен оларға арналған жаттығулар жиынтығын қолдану ағылшын тілі сабағында көптеген білім беру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Ағылшын тілі сабағындағы ертегі балалардың назарын аударып қана қоймай, бірқатар білім беру мәселелерін шешуге, сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін үйретуге қабілетті. Қазіргі уақытта ертегі ағылшын тілінің заманауи сабағын тек тіл туралы біліммен ғана емес, сонымен қатар оқушыларға оқытылатын тіл елінің мәдени құпияларын білу мүмкіндігімен орайластыра қарастырған жөн. Ағылшын тілі сабақтарында ертегімен жұмыс жасау арқылы оқушылардың шығармашылығы үш бағытта жүзеге асырылды: *шығармашылықпен ойластыру* – оқушы өз тарапынан ертегі сюжеттерін ойластырып ұсыну, берілген тапсырмаға интерпретация жасау; *тапсырманы орындау жауапкершілігі* – шет тілінде еркін сөйлеуге талпыну, тілді қозғалысқа түсіру, тілдің функционалдық қызметін қолдану; *безендіру* – ертегілерді сахналауға арналған безендіру

мен киім үлгілерін дайындау. Аталған зерттеу жұмысы мұғалімнің бақылауы бойынша жүргізіледі.

Ағылшын тілі сабақтарында ертегілерді оқыту арқылы лексикалық қорды дамыту барысында оқушылардың тілге деген қызығушылығы арта бастағанын аңғаруға болады. Бұл шығармашылық жұмыс болғанымен, ол мектеп бағдарламасында қамтылған лексикалық минимумды игертуге бағытталады. Сабақ барысында оқушылар басқа елдердің кейіпкерлерімен, дәстүрлерімен таныса алады, ортақ заттарды анықтайды. Топта бірге жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Ғылыми мақала "2020-2022 жылдарға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша ИРН "AP08052732" "Көпмәдениетті кеңістік: Қазақстан халқының фольклорын зерттеу" жобасын іске асыру аясында дайындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Опарина, Е. А. Методика обучения иностранным языкам в схемах и таблицах. – Рязань: Ряз. гос. пед. ун-т им. С.А. Есенина, 2005, 40 с. – конспекты лекций.
- 2 Гальскова, Н. Д. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика [Текст]: учеб. пособие для студентов лингв. ун-тов и фак. ин. яз. высш. пед. учеб. заведений / Н. Д. Гальскова, Н. И. Гез. – М.: Издательский центр «Академия», 2009. – 336 с.
- 3 Рогова, Г. В. Методика обучения английскому языку на начальном этапе в средней школе. М. : Просвещение, 2000. – 232 с.
- 4 Максаева, А. Э. Социокультурный опыт в практике обучения иностранному языку: монография. – М.: ФЛИНТА, 2016. – 272 с.
- 5 Пассов, Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Высшая школа, 1989. – 276 с.
- 6 Gulomova R. The importance of fairy tales in teaching English as a second language // Архивариус. 2017. №2 (17). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/the-importance-of-fairy-tales-in-teaching-english-as-a-second-language>
- 7 Manukyan A. M., Durgaryan A. M. (2019) Developing Speaking Skills Through Fairy Tales in Elementary School. *Science Review*. 3(20). doi: 10.31435/rsglobal_sr/31032019/6384
- 8 Соловова, Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: Базовый курс лекций: Пособие для студентов пед. вузов и учителей/ Е.Н. Соловова. – М.: Просвещение, 2002. – 239 с.
- 9 Жинкин, Н. И. Речь как проводник информации. – М.: Наука, 1982. – 159 с.
- 10 Hymes N. (1972) On Communicative Competence // *Sociolinguistics*. Harmondsworth. –293 p.

Материал 30.05.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Oparina, E. A. (2005) *Metodika obuchenija inostrannym jazykam v shemah i tablicah* [Methods of teaching foreign languages in diagrams and tables]. Rjazan.
- 2 Gal'skova, N. D. (2009) *Teorija obuchenija inostrannym jazykam. Lingvodidaktika i metodika* [Theory of teaching foreign languages. Linguodidactics and methodology]. Moscow.
- 3 Rogova, G. V. (2000) *Metodika obuchenija anglijskomu jazyku na nachal'nom jetape v srednej shkole* [Methods of teaching English at the initial stage in secondary school]. Moscow.
- 4 Maksaeva, A. Je. (2016) *Sociokul'turnyj opyt v praktike obuchenija inostrannomu jazyku: monografija* [Socio-cultural experience in the practice of teaching a foreign language: monograph]. Moscow.
- 5 Passov, E. I. (1989) *Kommunikativnyj metod obuchenija inojazychnomu govoreniju*. [Communicative method of teaching foreign language speaking]. Moscow.

6 Gulomova R. The importance of fairy tales in teaching English as a second language // Arhivarius. 2017. №2 (17). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/the-importance-of-fairy-tales-in-teaching-english-as-a-second-language>

7 Manukyan A. M., Durgaryan, A. M. (2019) Developing Speaking Skills Through Fairy Tales in Elementary School. Science Review. 3(20). doi: 10.31435/rsglobal_sr/31032019/6384

8 Solovova, E.N. (2002) *Metodika obuchenija inostrannym jazykam: Bazovyj kurs lekcij: Posobie dlja studentov ped.vuzov i uchitelej* [Methods of teaching foreign languages: A basic course of lectures: A manual for students of pedagogical sciences, universities and teachers]. Moscow.

9 Zhinkin, N. I. Rech' kak provodnik informacii [Speech as a conductor of information] (Moscow, 1982).

10 Hymes, N. (1972) On Communicative Competence // Sociolinguistics. Harmondsworth. – 293.

Сказка как средство для обучения лексике на уроке английского языка в начальных классах

Д.С. Рыспаева¹, Г.С. Ахметова², Г.Ж. Искакова¹

¹Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Республика Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева г. Нур-Султан, 010000. Республика Казахстан

В статье обоснована методология преподавания лексики английского языка в начальных классах общеобразовательной школы, изучены особенности работы с лексикой. Проанализировали и разобрали современные эффективные методы и приемы, применяемые учеными-методистами и практиками. Учащимся начальных классов были предложены тексты сказок как эффективный метод обучения лексике на уроках английского языка. Детский фольклор, в том числе сказки, передает как познавательную, так и эстетическую информацию. Цель данного исследования - предложить комплекс эффективных заданий, направленных на овладение лексикой через тексты сказок на уроках английского языка в начальной школе. Для достижения поставленной цели были рассмотрены методологические основы преподавания лексики на уроках английского языка, проведен анализ особенностей преподавания лексики. Предложены виды заданий, чтобы показать, какие виды работ проводятся при обучении лексике.

Объектом данного исследования является влияние сказок на изучение лексики на уроках английского языка и динамика развития лексической компетенций учащихся. В качестве предмета исследования рассматриваются особенности использования сказок при изучении лексики у младших школьников. Результаты исследования могут способствовать практическому применению сказок как для обучения иноязычной лексике, а также и другим языковым навыкам в области лингводидактики и методики обучения иностранному языку.

Ключевые слова: английский язык, лексика, сказка, новые слова, интерес, языковая компетенция.

Материал поступил в редакцию журнала 30.05.2022

Using fairy tales as a means of teaching vocabulary in EFL classroom in primary school

D.S. Ryspaeva¹, G.S. Akhmetova², G. Zh. Iskakova¹

¹Sh.Ualikhonov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

The article substantiates the methodology of teaching vocabulary of the English language in the primary grades of a secondary school, and studies the peculiarities of working with vocabulary. We analyzed modern effective methods and techniques used by methodologists and practitioners.

Fairy tales were offered to primary school students as an effective method of teaching vocabulary in English lessons. Children's folklore, including fairy tales, conveys both cognitive and aesthetic information. The purpose of this study is to offer a set of effective tasks aimed at mastering vocabulary through the texts of fairy tales in English lessons in elementary school. To achieve this goal, we considered the methodological foundations of teaching vocabulary in English lessons, and analyzed the peculiarities of teaching vocabulary. The types of tasks are proposed to show what types of work are carried out when teaching vocabulary.

The object of this study is the effect of fairy tales in vocabulary acquisition in English lessons and the dynamics of developing students' lexical competencies. The subject of this study is the peculiarities of using fairy tales in vocabulary teaching primary school students.

The results of the study can contribute to the implementation of fairy tales in teaching vocabulary or other language skills in the field of linguodidactics and methods of teaching foreign languages.

Key words: English as a foreign language, vocabulary, new words, interest, language competence.

Received: 30.05.2022

SRSTI 17.82.30

A.T. Sarsekeyeva¹, M.S. Serik¹, ZH.M. Baigozhina¹

¹Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, 140000. Republic of Kazakhstan

INTEGRATING MULTIMEDIA AND DIGITAL TECHNOLOGY IN SECONDARY SCHOOL ENGLISH LANGUAGE TEACHING (ELT) PROGRAM

Computer technology has been used in teaching foreign languages since the 1980s, which led to the emergence of a special direction in the methodology of teaching foreign languages, which examines the theoretical and practical aspects of the use of these technologies in the course of teaching a foreign language. In Kazakhstan, this direction is called "computer linguodidactics", the most common term used abroad is CALL (Computer-assisted language learning). With the technological progress, more and more advanced technical devices appeared with significant linguodidactic potential. Today, in the practice of teaching foreign languages, a wide range of technical devices are used, both stationary (for example, a computer, interactive whiteboard) and mobile (tablet computers, smartphones), which are combined under the concept of "digital technology". The appearance of these technical tools also influenced the ways of presenting information, which today is most often given in a multimedia format, that is, in several forms simultaneously: text, graphic, video, audio, interactive.

Key words: digital technologies, self-development, active learning, generations Z and α, ICT.

INTRODUCTION

The strategic goal of teaching a foreign language today is the formation and updating of a "secondary language personality" (I.I. Khaleeva, 1989) of a learner as a person's ability to fully participate in intercultural communication, i.e. successfully carry out social interaction with carriers of a different culture [3, 65]. In order to develop a secondary linguistic personality, the individual will have to master the verbal-semantic code of another language (the linguistic picture of the world of native speakers), as well as the "global (conceptual) picture of the world". Formed "secondary linguistic personality" implies the ability to effectively use foreign language in various fields of activity, including professional, as well as the ability to self-development in linguistic, educational